

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 173 – 177

UDK 9.902.2

A.B. Kalysh¹, Zh.M. Terekbaeva²

¹doctor of historical sciences, professor of the Department of archeology,
ethnology and museology, al-Farabi Kazakh national University;

²Kazakh National University al-Farabi Kazakh National University, PhD student.

FROM HISTORY OF HOUSES ON WHEELS OF NOMADS STEPHOUR EURASIA

Abstract. The article discusses the use of vehicles - wagons (with covered tops) by tribes inhabiting the steppes of Eurasia. Notes and memos, various scientists and travelers about the appointment of nomadic wagons with a covered top, and also the role of wagons in economic life are described. In these notes, there are valuable descriptions of the life of the ancient nomadic peoples of the Eurasian steppe, who used a wool-covered wagon as a dwelling. In addition, the article discusses the role and use of wagons and the period of migrations and in everyday life.

Key words. A nomadic, portable dwelling, a chariot, dwellings, a cart.

ӨОЖ 9.902.2

А.Б. Қалыш¹, Ж.М. Терекбаева²

¹аль-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, т.ғ.д. ;
²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD докторант terekbaeva87@mail.ru; kalyshamanzhol@gmail.com

ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНДА ҚОЛДАНГАН АРБА ҮСТІНДЕГІ «ЖЫЛЖЫМАЛЫ» БАСПАНАЛАР ТАРИХЫНАН

Аннотация. Мақалада Еуразия даласында мекендереген көшпелі халықтардың қолданысында болған арба үстіндегі үйлері жөнінде айтылады. Көшпелі халықтардың адам тасымалдауға арналған көліктерінің бір түрі күймелердің, яғни «арба үстіндегі үйлердің» аткарған қызметі жөнінде Еуразия жеріне келген саяхатшылар мен ғалымдардың естеліктері мен жазбалары сараланды. Еуразия даласының ерте көшпелі халықтары киізben жабылған, үй секілді жабдықталған арба үстіндегі жылжымалы жиналмайтын баспаналарды пайдаланғандығы жөнінде бұл жазбаларда анық көрсетілген.

Жылжымалы арба үстіндегі үйлердің, яғни күймелердің көшпелі халықтар арасында маңызды орын алғандығы, қажеттілікте, көш барысында пайдаланғандығы жөніндегі ғылыми материалдар сарланады.

Тірек сөздер. Көшпелі, жылжымалы үй, арба, баспана, күйме.

Кіріспе

Көлік және коммуникация мәдени қоғамда маңызды рөл аткарады. Ресейдің көліктерді зерттеуші-теоретик С.В. Бернштейн-Коганың айтуынша, атальыш элемент адамзат қызметінде географиялық ортағағана тәуелді емес, сонымен қоса экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірмен тығыз байланысты [1, с. 13].

Көлік мәдениетінде қоғамның сана-сезімі бейнеленеді. Көлік жүйелері мен коммуникацияда этностың баска халықтармен мәдени және шаруашылық байланыстары, этникалық тарихы суреттеледі.

Дәстүрлі қазақ халқының көлік мәдениетін зерттеу ерекше қызығушылықты тудырады. Теориялық және тарихи-мәдени тұрғыдағы бірқатар сұраптарға жауап бере алмаудың себебі атальыш тақырып бойынша жинақталған жұмыстардың жоқтығы десек болады. Бір жағынан, қазақ мәдениетінің жана, белгісіз қырларын ашады және де қазақ халқының өмірі мен тұрмысы жөнінде толық көрінісін құруға мүмкіндік туады.

Мәселенің әдістемесі

Мақаланың тақырыбы, қазіргі таңда қолданыс аясынан жойылып кеткен түркі тілдес халықтарының арба үстіндегі үйлері жөнінде айтылады. Мақалада көтеріліп отырған мәселеге тарихи-аналитикалық талдау жасау, автордың өз көзқарастарын беру, зерттеулерге ғылыми сараптау әдістері қолданылды.

Ерте және ортағасырдағы қошпелі халықтарының «жылжымалы» үйлері

Арбалар Еуразия даласында мекендейген тайпалардың негізгі дәстүрлі қатынас көлігі болып саналады. Арбаларды өтізге, жылқыға, түйеге, есекке жеккен [2-3]. Яғни қолданысына қарай ат арба, өтіз арба, түйе арба, есек арба деп жіктейді. Жалпы қазақ халқы арбаларды екі түрге бөлгөн: екі дөңгелекті арба және төрт дөңгелекті ірі арба. Олардың көлемі мен пошымы эртүрлі болып келеді. Кең таралған түрі екі дөңгелекті арба. Қос донғалақты арбалар ойлы-қырлы жерлермен, жолсызбен жүргүре, арық-жылғалардан, батпақ пен құмнан өтуге қолайлырақ болып келеді [2, с. 123].


Арбаның адам тасымалдауға арналған түрін құйме деп атайды. Қошпелі халықтардың арбаға орнатқан үйлері жөнінде, сонау ежелгі Геродот, Страбонның енбектерінен көре аламыз. Геродот скифтердің даналығына қатысты: «Оларға қатысты әңгіме белек, скифтерше киінеді, ағаштағы өнімдермен тамақтанады. Төніректегі тайпалар ренжітпейді, өйткені олар қадірлі, төніректегі халықтар арасындағы араздықтарды бітімге келтіреді. Мемлекетке басып кірген ешбір жау, ол жерден қашып құтыла алмайды... өйткені скифтер ұдайы қошпелі өмір сүреді, олардың қаласы да, қамалы да жоқ және де үйлерін өздерімен бірге тасып жүреді, және олардың барлығы – ат үстіндегі жебе атқыштар, тамактарын олар жер шаруашылығынан емес, мал шаруашылығынан алады және баспаналарын арба үстіне жайғастырады» [4, с. 314, 324]. Гиппократ қошпелі скифтер жөнінде: «Олардың қошпелі аталуының себебі, олардың үйі жоқ, олар төрт дөңгелекті, ал біреулері алты дөңгелекті киіз үйлерде тұрады; оның құрылышы үй секілді, айналдыра киізбен жабылған; су (жанбыр), жарық, жел өткізбейді; бұл арбаларға екі-екіден немесе үш-үштен мүйізі жоқ өгіздер жегілген; олардың мүйізі сұықтан өседі. Мұндай үйлерге әйелдер орналасады, ал еркектер салт мінеді; олардың сонынан отар қойлар мен сиырларды, үйір жылқыларды ілеңстіріп айдан отырады» делінген [5, с. 178].

Еуразия даласының ерте қошпелі халықтары киізбен жабылған, үй секілді жабдықталған арба үстіндегі жылжымалы жиналмайтын баспаналарды пайдаланғандыры жөнінде бұл жазбаларда анық көрсетілген.

Ортағасырда да қошпелі тайпалар қошпелі қону барысында арба үстіндегі үйлерді пайдаланған. XIII ғасырдың ортасында Плано Карпини ногайлардың арбалары бар қошпелі «қалалары» жөнінде, ал қыпшақтардың арба үстінде қаңқасы мығым, сирегірек жинастырып, ажыратылатындағы етіп орналастырылған тұрғын үй үлгісіндегі арбалары туралы сипаттап кеткен [6, с. 28].

Сонымен катар XIII ғасырдың тағы бір саяхатшысы Вильгельм Рубруктың жазбаларында да арба үстіндегі үйлер туралы мәліметтер егжей-тегжейлі суреттеген. Рубрук өзінің Орта Азия елдеріне барған саяхатында татарлардың тұрмысы мен арба үстіндегі киіз үй баспанасы туралы сипаттаған: «..Бір арбаның ені 20 футтың күрайды. Мен бір арбаның өзін 22 өтізге жеккенін көрдім. Қошпелілердің әйелдері ерекше арбаларды иемденген, безендірілген арбалардың есемділігін сөзбен жеткізу мүмкін емес...» [6, с. 91].

Карпини мен Рубрук қошпелілердің жылжымалы баспаналарның бірі - орда (тұра) арбасын суреттеген болатын. Бұл орда үйі, ең үлкені және классикалық арба үстіндегі баспана түрі болып табылады. Бұл орда-арбалары Орталық Азия территориясында кеңінен танылған (1-сурет).



1 сурет - Орда немесе тұра-арба. Алтын Ордалық үлкен арба
(Рубрук және Карпини сипаттамасы бойынша)

XIII ғасырда өмір сүрген Еуропаның алғашқы саяхатшыларының бірі Марко Полоның естеліктерінде «...татарлар, екі дөңгелекті арбаның үстінде киіз жапқан үйдің ішінде өздерінің әйелдері мен балаларын, ыдыс-аяқтарын және қажетті керек-жараптарын тасыған, күні бойы жаңбырға төзген; бұл арбаларды өгіздер мен түйелер сүйреп келген» деп айттып кеткен [7, с. 40].

XIV ғ. Ибн-Баттута ұзыннан тізбектелген арбалардың саны жүзден бес жүзге дейін жеткен жылжымалы «қалалар» туралы жазып кеткен. Оның шығармаларында арбаның сәнді безендіргендігі жөнінде мәліметтер: «Кыпшақтардың әрбір әйелі алтын жалатылған күміс шатыр немесе безендірлген күймелі арбамен жүреді. Арбаға жегілген жылжымалардың жабдықтары да алтындалған жібек жамылғылармен жабылған» [8, с. 13]. Ал XVI ғ. басында Фазллах ибн Рузбихан былай деп жазған болатын: «...мен үйлердің әуе көністігінде тұрғызылғандай әсер қалдыратын ғаламат құрлысына керемет қайран қалатынын. Дөңгелектерге орнатылған қандай алтын шатырларды қөрдім. Аса әдемі де шебер жасалған киіз перделермен жабылған терезелері бар үлкен үйлерді де қөрдім. Сұлтандар мен әмірлердің барлығының тұрғын жайларының қасынан да мен осы сияқты үлкен шатырлар мен жылжымалы үйлер қөрдім... орданың тұтасымен осындай тамаша... үйлерге толы болғаны соншалық, ақыл ойың айран-асыр болып, соншалықтың сұлулықтан басың айналады» [9].

Жоғарыда атальп кеткен Марко Поло, Иоанн де Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук, Ибн Баттута саяхатшыларынан басқа да шетелдік авторлардың жазып қалдырган мәліметтері бар. Олардың бірі XVI ғ. ортасында ногайлар мекендеген волганың төменгі ағысы мен астрахань даласы арқылы жүріп өткен ағылшын саяхатшысы Антони Джэнкинсонның хабарламалары жылжымалы арба үстіндегі үйлердің, яғни қүймелердің көшпелі халықтар арасында маңызды орын алғандағыны, қажеттілікте, көш барысында пайдаланғандығы тағы да толыктай дәлелдей түседі [10, с. 26].

Астрахань даласының ногай тайпаларының көшу барысы жөнінде А.Олеарий ұқсас мәліметтер береді: «олар өздерінің баспаналарын білік арбаларға қояды, сосын қоныс аударады» делінген [10, с. 403]. Италияндық саяхатшы д'Асколи: «Кейде арбалар жүріп өтсе, құдды бір үлкен кала секілді елестетесін» [10]. Жалпы көшпелі халықтардың, соның ішінде ногайлардың баспанасы жөнінде С.Ш. Гаджиева өз енбегінде екіге бөліп қарастырған. Бірі «терме» үй. Терме - Орта Азия көшпелі халықтарының киіз үйіне ұқсас. Екіншісі – отау немесе отав деп аталған. Бұл кіші киіз үйдің диаметрі 4 м. және аз ғана бійктікте, жиналмайды. Ол да кереге көз формасында, негізінен «терме» киіз үйіне ұқсас. Бір ерекшелігі, ол арбаның үстіндегі орналасқан [10]. Отая - Орталық Азия далаларында көннен тарапған арба үстіндегі баспананың бірі болды. Отая үйі «орда» (тұра) үйі секілді төрт дөңгелекті немесе екі дөңгелекті арба үстіне тұрғызылған. Деректер бойынша бұл үйге ерекше отау берілген, көбінесе «арба» терминімен бүркемеленіп қалған (яғни қатардағы үйлер секілді). Отая арбаның тағы бір отауы ол – «көтерме». Яғни көтеруге болатын баспана. Көш барысында көтеріліп, ал тұраққа келгенде бұзбай, сол қалпында тұсірілген. Осындай жылжымалы баспанаға қатысты 1931 жылғы оқиғаға арналған «Завар-намеде»: «шексіз шөлді дала адамдарының үйлері «көтерме» болып табылады, оларды толыктай орналастырып қояды (яғни бұзбайды), ал көш барысында, арба үстіне қояды» деп толық түсінкітеме берген [11, с. 172-173].

Академик П.С. Палладың «Сапарнамасында» азғана құнды материал бар. Қырым, бессарабтық және кундротовтық (карагаш) татарлардың көшу барысын көргендігін айтады. Олардың киіз үйлері, түрі мен құрлысы жағынан қалмақтармен және басқа да азиаттық көшпелі тайпалардың үйлерімен салыстырғанда біршама өзгешеліктері бар екендігін жазады.

Көшпелі халықтардың тағы бір көп тараған арба үстіндегі үйлерінің бірі «күйме» деп аталады. Қазіргі қазақтар жалпы «күйме» сезін азық-түлік сақтауға арналған (ұн, жепшөп және т.б.) үлкен төрт дөңгелекті жәшік (немесе үлкен сандық) деп түсіндіреді [12, с. 161-176].

Егер Рубруктың жазбаларына оралсақ, онда «татарлар туралы және олардың баспаналары» жөніндегі бөлімінде «арбадағы сандықтар» туралы айттылған болатын. Әрбір бай қожайында міндетті тұрде 100 ден бастап 200 ге дейін арбадағы сандықтары болады дедінген [6, с. 92].

Салтанатты қүйме тұрларіне қатысты деректер

Жазба деректер археологиялық материалдармен дөлелденеді, 1970 жылдардың сонында Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Г.Б. Здановичтың зерттеуімен Есіл өзенінің жағалауынан Петров мәдениетіне жататын Бірлік II, Ұлыбай корымдардың төрт обасынан екі дөңгелекті арбаны жерлеу дәстүрі бар мәліметтер анықталды [13, с. 110]. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Орал және Орталық Қазақстан терриориясынан екі дөңгелекті арба кешенінің 25 бірлігі табылған болатын.

Күйменің салтанатты тұрларі Қазақстанда XVII ғасырға дейін қолданыста болған. XVII-XVIII ғғ. қазақтардың арба үстіндегі үйлері жөнінде орыс деректерінде көрсетілмейді. Бертінде келген саяхатшылар күйменің қазақта, әсіресе хандар мен билерде ерте замандарда болғандығын сипаттайды. Бұл орыстың «повозка» (қазақша пәуеске) деп атайдын арбасы. Пәуеске міндетті дәүлеттілер де қазактар арасында көп болған. Оған әдette нар немесе үш ат жегіледі. Қазақ арасына әсіресе солтүстік қазақтарында көп тараған көлік түрі ол – «тарантас». Оған Балуан Шолактың:

Ойнап күліп бірге өскен, Ғалияжан,

Кел екеуміз мінейік тарантаска, – деген жолдары дәлел [14, 130 б.]

Бұл күймелердің қашан жойылып кеткендігі жөнінде ғалымдар арасында да накты жауап жоқ. В.В. Бартольдтың айтуыша, жылжымалы арба-үйлерге қатысты соңғы мәліметтер XV ғ. сонында кездеседі. В.В. Бартольд күймелердің жойылып кетуін көшпендердің экономикалық құлдырауымен байланыстырады [15, с. 408]. Бірақ «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу», «Қамбар», «Қызы-Жібек» поэмаларында күймелер суреттеледі.

«Қызы Жібек» поэмасында күйменің сәні мен салтанаты ерекше сипатталады:

«Қызы Жібек мінген күймесін,
Күймеге таққан тұммесін»

«Көшпенен бірге жүргенде
Бетіме тозаң тиер» деп,
Көк пәуеске күймемен
Азаннан тұрып кеткен, – деп, [16, 32, 90 б.]

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосында бірнеше жерінде айтылады:

«– Жеткіншектен айырылған жер таянды,
Қылған ісің, Қозыкем, жұртқа аян-ды.
Алтын күйме ішінен шығушы емес,
Енді қайтсең көрерсің сол Баянды».

«Кеш болып Баянжан ұйықтап қалды,
Ер Қозыкем күймесіне кіріп барды.
Кіріп барып, жерде жатқаннан соң,
Күймесі күндей болып жарық болды» [17, 26, 62 б.]

Ертеде «күймені» негізінен әйелдерге, соның ішінде жаңадан түсken келіндерге арнап жасалынғанын жоғардағы өлсөн жолдарынан көреміз. Бұл күймелер той көлігі ретінде қара ногай халықтарында жақсы тараған. Мұндай күймелерді жаңа түсken келіншекті күйеу жігіт үйіне алып бару үшін пайдаланған [7, с. 40]

Қорытынды

И.А. Кастанье қазактарда XIX ғ. - XX ғ. басына дейін арбалардың бөліктегін қоса жерлеу дәстүрі сакталғандығын айтады. Ғалымдар күймелердің тарихи сахнадан жоғалып кетуін көшпелі халықтардың бір жерде ұзағынан тұрақтануымен және жаңа жетілдірілген үйлердің түрлері пайда болуымен байланыстырады. Сонымен катар Еуразия даласындағы көшпелі халықтарының шекаралары тарылуына байланысты көш жолдарының азаюы, бұл жылжымалы баспа түрлері сұраныска түспей, біртіндеп жойылуына әкелді десек те болады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Бернштейн-Коган С.В. Очерки географии транспорта. – М.-Л.: ГИЗ, 1930. – 347 с.
- [2] Пантусов Н. Перевозочные средства в Туркестанском kraе (по сведениям 1872 и 1873 гг) // Материалы для статистики Туркестанского kraя. Вып. IV. – Санкт-Петербург, 1876. – С. 123-127.
- [3] Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – Т. XVIII. Kirgizskiy край / Под ред. В.Н. Семёнова. – СПб.: Изд. А.Ф. Девриена, 1903. – 478 с.
- [4] Геродот. История в девяти книгах. Перевод с греческого Ф.Г. Мищенко, с его предисловием и указателем. – 2-е изд., испр. и доп. – Т.1. – М.: Изд. А.Г. Кузнецова, 1888. – 396 с.
- [5] Клибеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. – Алма-ата: «Наука», 1984. – 238 с.
- [6] Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – А.: Фылым, 1993. – 243 с.
- [7] Харузин Н.И. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. – М., 1896. – 53 с.
- [8] Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. – 154 с.
- [9] Қазактың киіз үйі. Казахская юрта (кн.-альбом на каз., рус., англ. яз.). – Атырау, Лондон, 2005.
- [10] Гаджиева С.Ш. Материальная культура ногайцев в XIX – начале XX в. – М.: Наука, 1976. – 226 с.
- [11] Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. – Т.2. /персидские сочинения/. – М.-Л., 1941 /сб. Тизенгаузена/.
- [12] Артықбаев Ж.О. Передвижное жилище как основной элемент материальной культуры кочевников. Мына кітапта: Қазақ этнографиясының 50 томдығы. 20-шы том. Харузин Н.И. Көшпелі және жартылай көшпелі түрк және монгол халықтарының тұрғын үйлерінің даму тарихы. 2-ші бас.тольғ. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 183 б.

- [13] Зданович Г.Б. Щитковые псалии Среднего Пойшымья // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск: Изд-во БашГУ, 1985. – С. 110-119.
- [14] Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Тандамалы шығармалар. – XV том. – Алматы: Жазушы 1979; - 380 б.
- [15] Бартольд В.В. О колесном и верховом движении в Средней Азии // Записки Института Востоковедения Академии наук СССР. – М.-Л., 1937. – Т. VI. – С. 406-408.
- [16] Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2008. – 53-том. Гашықтық жырлар. – 383 б.
- [17] Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2009. – 54-том. Гашықтық жырлар. – 389 б.

REFERENCES

- [1] Bernshtejn-Kogan S.V. Ocherki geografii transporta. M.-L.: GIZ, 1930. 347 s.
- [2] Pantusov N. Perevozochnye sredstva v Turkestanskem krae (po svedenijam 1872 i 1873 gg) // Materialy dlja statistiki Turkestanskogo kraja. Vyp. IV. Sankt-Peterburg, 1876. S. 123-127.
- [3] Rossija. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. T. XVIII. Kirgizskij kraj / Pod red. V.N. Semenova. SPb.: Izd. A.F. Devriena, 1903. 478 s.
- [4] Gerodot. Istorija v devjati knigah. Perevod s grecheskogo F.G. Mishhenka, s ego predisloviem i ukazatelem. 2-e izd., ispr. i dop. T.1. M.: Izd. A.G. Kuznecova, 1888. 396 s.
- [5] Kshibekov D. Kochevoe obshhestvo: genezis, razvitiye, upadok. Alma-ata: «Nauka», 1984. 238 s.
- [6] Puteshestvie v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruka. Serija: Puteshestvija. Otkrytija. Prikljuchenija. A.: Fylym, 1993. 243 s.
- [7] Haruzin N.N. Istorija razvitiya zhilishha u kochevyh i polukochevyh tjurkskih i mongol'skih narodnostej Rossii. M., 1896. 53 s.
- [8] Margulan A.H. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1950. 154 s.
- [9] Qazaktyn kiiz uji. Kazahskaja jurta (kn.-al'bom na kaz., rus., angl. jaz.). Atyrau, London, 2005.
- [10] Gadzhieva S.Sh. Material'naja kul'tura nogajcev v XIX – nachale XX v. M.: Nauka, 1976. 226 s.
- [11] Sbornik materialov otносjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. T.2. /persidskie sochinenija/. M.-L., 1941 /sb. Tizengauzena/.
- [12] Artyqbaev Zh.O. Peredvizhnoe zhilishhe kak osnovnoj element material'noj kul'tury kochevnikov. Myna kitapta: Qazaq jetnografijasynyn 50 tomduy. 20-shy tom. Haruzin N.N. Koshpeli zhane zhartylaj koshpeli turik zhane mongol haluktaryny turdyn ujlerinin damu tarihy. 2-shi bas.tolyk. Astana: «Altyn kitap», 2007. 183 b.
- [13] Zdanovich G.B. Shhitkovye psalii Srednego Poishim'ja // Jeneolit i bronzovyj vek Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ja. Cheljabinsk: Izd-vo BashGU, 1985. S. 110-119.
- [14] Mukanov S. Halyk murasy (tarhi-jetnografijalyk sholu). Tandamaly shygarmalar. XV tom. Almaty: Zhazushy, 1979; 380 b.
- [15] Bartol'd V.V. O kolesnom i verhovom dvizhenii v Srednej Azii // Zapiski Instituta Vostokovedenija Akademii nauk SSSR. M.-L., 1937. T.VI. S. 406-408.
- [16] Babalar sozi: Zhuz tomdyk. Astana: “Foliant”, 2008. 53-tom. Gashyktiy zhyrllar. 383 b.
- [17] Babalar sozi: Zhuz tomdyk. Astana: “Foliant”, 2009. 54-tom. Gashyktiy zhyrllar. 389 b.

УДК 9.902.2

А.Б. Кальш¹, Ж.М. Терекбаева²

¹Профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии, КазНУ имени аль-Фараби, д.и.н.

kalyshamanzhol@gmail.com;

²PhD докторант КазНУ имени аль-Фараби terekbaeva87@mail.ru

ИЗ ИСТОРИИ ДОМОВ НА КОЛЕСАХ КОЧЕВНИКОВ ЕВРАЗИИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы об использовании транспортных средств – повозок (с крытым верхом) племенами обитавшими в степях Евразии. Проанализированы записки и памятки, различных ученых и путешественников о назначении повозок кочевых народов с крытым верхом, а так же охарактеризована роль повозок в хозяйственно-бытовой жизни. В этих записках имеются ценные описания быта древних кочевых народов степи Евразии, использовавших повозку покрытой войлоком в качестве жилища. Кроме того в статье рассматривается вопрос о роли и использовании повозок а период перекочевок и в быту.

Ключевые слова. Кочевое, переносное жилище, колесница, жилища, повозка.